

Университетте 30 жылдан астам уақыт еңбек етіп, сапалы кадр даярлау ісіне үлес қосқан ұстаздардың бірі – философия ғылымдарының докторы Лиза Жүсіпова.

Лиза Қуанышқызы – 1994 жылы жаңадан ашылған «Жерге орналастыру» мамандығы кафедрасының оқу-әдістемелік базасын нығайтуға еңбек сіңірген тәжірибелі маман.

Ғалым 50-ден астам ғылыми-практикалық мақала мен 5 оқу-әдістемелік нұсқаулықтың авторы. Сонымен қатар, «Scopus» базасына енген журналдарда ғалымдармен бірлескен 2 мақаласы жарық көрді.

Бүгінде Лиза Қуанышқызының көптеген шәкірті құрылыс және ауыл шаруашылығы салаларында еңбек етіп, ел экономикасын дамытуда.

Педагог болашақ мамандарға білім берумен қатар, олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына да жетекшілік жүргізеді.